

## **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

---

**6B07131 – Автосервис және фирмалық қызмет көрсету**

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

<b>БББ мақсаты</b>	Автомобиль сервисі қызметтерін көрсету саласында сұранысқа ие, негізгі және кәсіби құзыреттері бар, даярлау бейініне сәйкес түлектің әлеуметтік ұтқырлығы мен еңбек нарығындағы табыстылығына ықпал ететін жоғары білікті мамандарды даярлау.
<b>БББ міндеттері</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- қоғамда әлеуметтік-жауапкершіліктік тәртіпті қалыптастыру, кәсіби әдеп нормаларын түсіне білу және оны сақтау;</li><li>жоғары жалпы интеллектуалдық даму деңгейіне жету үшін жағдай жасау, сауатты және дамыған сөйлеуді, ойлау мәдениетін және автосервис саласында еңбекті ғылыми ұйымдастыру дағдыларын меңгеру;</li><li>- автокөлік құралдары сервисі саласындағы мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті ортада табысты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін негізгі және кәсіби құзыреттерді қалыптастыру;</li><li>- көлік құралдары сервисі кәсіпорындары қызметінің қаржылық тұрақтылығы мен стратегиялық тиімділігіне қол жеткізу үшін кәсіби міндеттерді шешу қабілетін қалыптастыру;</li><li>- оқыту бағыты бойынша әрі қарай кәсіби даму немесе магистратурада оқуын жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету.</li></ul>
<b>БББ үйлесімділігі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>• Қазақстан Республикасының Ұлттық біліктілік шеңберінің 6-шы деңгейі;</li><li>• 6 -шы біліктілік деңгейінің Dublin Descriptors;</li><li>• Еуропалық жоғары білім кеңістігі біліктілік шеңберінің 1-ші циклі (A Framework for Qualification of the European Higher Education Area);</li><li>– • Өмір бойы білім алудың Еуропалық біліктілік шеңберінің 6-деңгейі (The European Qualification Framework for Life long Learning).</li></ul>
<b>БББ кәсіби саламен байланысы</b>	«Автомобиль көлігінің техникалық жағдайын бақылау» кәсіби стандарты (Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма Төрағасының орынбасары 09.06.2018 № 239 бұйрығына № 3 қосымша).
<b>Берілетін дәреженің атауы</b>	Осы БББ сәтті аяқтағаннан кейін бітірушіге «6B07131-Автосервис және фирмалық қызмет көрсету» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры дәрежесі беріледі.
<b>Біліктілік пен лауазымдар тізімі</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- автокөліктерге техникалық қызмет көрсету кәсіпорындарының аға шебері;</li><li>- автосервис кәсіпорындарында сатып алу және қорларды басқару жөніндегі менеджер;</li><li>- автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша механик;</li><li>- автокөлік құралдарының техникалық жағдайын бақылаушы;</li><li>- көліктік бақылау инспекциясының және жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының құрылымдық бөлімшелеріндегі жетекші және (немесе) бас маман.</li></ul>
<b>Кәсіби қызмет саласы</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>- көлік саласындағы маркетингтік және экспедиторлық қызметтер;</li><li>- көлік құралдарының қауіпсіздігін арттыруға және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған зерттеу қызметі.</li></ul>
<b>Кәсіби қызмет нысандары</b>	Бітіруші келесідей жұмыстарды атқарады: <ul style="list-style-type: none"><li>– автокөліктерге техникалық қызмет көрсету кәсіпорындары мен ұйымдары;</li><li>– автоөндірушілердің дилерлерік орталықтары, автосалондар;</li><li>– конструкторлық-технологиялық және ғылыми ұйымдар;</li><li>– материалдық-техникалық жабдықтау, көлік құралдарының, қосалқы бөлшектердің, жинақтаушы бұйымдар және материалдардың көтерме</li></ul>

және бөлшектеп саудалау ұйымдары;  
– «Көліктік бақылау инспекциясы» мемлекеттік мекемелері;  
– жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменттері мен басқармалары.

**Кәсіби қызмет  
пәні**

- автокөлік құралдары, олардың агрегаттары, тораптары мен бөлшектері;  
- автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету және жөндеуге арналған жабдықтар;  
- автокөлік құралдарын пайдалануға арналған бақылау-өлшеу аспаптары.

**Кәсіби қызмет  
түрлері**

- өндірістік-технологиялық;  
- сервистік-пайдалану;  
- ұйымдастыру-басқару;  
- есептеу-жобалау;  
- тәжірибелік-зерттеу.